

## Мұнайгаз секторының кейбір мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 22 қантар N 113

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрія және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) "Қазақойл" ұлттық мұнайгаз компаниясы" жабық акционерлік қоғамы" мүлкінің (активтерінің) құрамынан "Мұнай Импекс" ЭИФ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталының 99 пайзы мөлшеріндегі "Мұнай Импекс" ЭИФ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің үлесін бөліп шығаруды;

2 )

3 )

4) осы қаулыдан туындастын өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 2),3)-тармақшалары алып тасталды - ҚР Үкіметінің  
2001.05.02. N 591 қаулысымен. Р010591\_

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) "Маңғыстаумұнайгаз" және "Өзенмұнайгаз" акционерлік қоғамдарымен Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Оман Сұлтанаты Үкіметінің арасында 1992 жылғы 18 қантарда қол қойылған Кредиттік келісім (бұдан әрі - Кредиттік келісім) бойынша кредиторлық берешекті осы қоғамдардың өтеуін, сондай-ақ көрсетілген қоғамдардың Кредиттік келісім бойынша Оман Сұлтанаты Үкіметінің алдындағы жалпы кредиторлық берешектегі үlestерін белгілеуді көздейтін шарттар жасассын;

2) Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрія және сауда министрлігімен және "Маңғыстаумұнайгаз" және "Өзенмұнайгаз" акционерлік қоғамдарымен бірлесіп екі ай мерзімде банк пайыздарын ескере отырып қалған кредиторлық берешекті өтеудің кестесін әзірлесін және бекітсін және осының негізінде Оман Сұлтанаты Үкіметімен Кредиторлық келісімге тиісті түзетуге қол қою үшін барлық қажетті шараларды қабылдастын;

3) Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрія және сауда министрлігімен бірлесіп төртінші тоқсанның қорытындылары бойынша осы қаулының атқарылу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне толық ақпарат тапсырысын.

3. Қазақстан Республикасының кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақойл" ұлттық мұнайгаз компаниясы" акционерлік қоғамы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 24 наурыздағы N 410 Р970410\_ қаулысында :

көрсетілген қаулыға 1-қосымшадағы:  
"Мұнай-Импекс ЭИФ" ЖШС" 100" деген жол алынып тасталсын;  
2) "Республикалық меншіктегі тұрған ұйымдарда акциялардың мемлекеттік

пакеттері мен мемлекеттік үлестерді иелену және пайдалану жөніндегі  
құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы  
27 мамырдағы N 659

P990659\_

қаулысында;

көрсетілген қаулыға қосымшада, "Қазақстан Республикасының Энергетика,  
индустрия және сауда министрлігі" тарауында:

реттік нөмірі 42-жол алынып тасталсын.

4. Осы қаулының атқарылуын бақылау Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.